

Бекітілді
№10 «Құлыншақ» бөбекжай- бақшасы
менгерушісі Р.Ұ.Бағытова
№1 педагогикалық кеңесте
08.09.2021 жыл



**2021-2022 оқу жылы ересек «Айгөлек»тобына арналған «Ұлттық ойындар-халық қазынасы»
вариативтік компонентінің жылдық перспективалық жоспары**

Түсіндірме жазба

Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, олардың жауынгерлік рухта ержетуін ұқыптылықпен қадағалаған. Оларды аяғын басып жүре бастаған кезінен бастап ұлттық ойындарға икемдеп баланың епті, шымыр болып өсуіне тәрбиелейді. Ұлттық ойындар балаларды тапқырлыққа турашылдыққа, шымырлыққа, балалардың туған жерге,

Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады. Кез –келген елдің баласы ойынмен ержетеді. Бірақ әр халықтың бала болашағына көңіл бөлуі әрқилы. Осы тұрғыдан алғанда қазақ елі өзге халықтардан оқ бойы озып тұр деуге толықтай негіз бар. Баланың байсалды да байыпты болып қалыптасуы- ұлттық ойындардың тамырынан нәр алуында жатыр. Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты рөл атқарады: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлт ойындарын ойнаған кезде дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлт ойындарының мазмұнын, ойлау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет – ғұрпымыздан, өткен өмірімізден хабар алады. Сол себептен балаларға арналған «Ұлттық ойындар –халық қазынасы» атты вариативті 36 тақырыптан тұратын компонентті жоспарладық. Онда балалар бойына ұлттық рухты сіңіру және ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру.

Вариативті компонент: «Ұлттық ойындар-халық қазынасы»

	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілдері	Көрнекі құралдар
1.	«Ұлттық ойындар» туралы түсінік беру.	Балаларға ұлттық ойындар туралы түсінік беру арқылы денсаулығын нығайту, ұлттық ойындар түрлерімен таныстыру.	1.Жылу шеңбері 2.Ұлттық ойындар туралы әңгімелеу. 3.Сурет бойынша 4.Қорытынды жұмыстар	Ұлттық ойындар туралы суреттер.
2.	«Ұлттық ойындар» туралы түсінік беру.	Ұлттық ойындар түрлерін еске түсіре отырып, ойынға деген қызығушылығын ояту, Өз ұлтының ұлттық ойындарына деген сүйіспеншілігін арттыру.	1.Жүректер жүрекке 2.Ұлттық ойындар туралы әңгімелеу. 3.Сұрақ-жауап 4.Қорытынды.	Ойындар түрлерінің суреттері.
3.	«Асық ату» ойыны	Балаларға «асық ату» ойыны туралы түсінік беру. Асық ойынының түрлерімен танытыру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	1.Көрсету. 2. Түсіндіру 3.Жұмбақ жасыру 4.Қорытындылау	Асық түрлері бейнеленген суреттер, слайд
4.	«Асық ату» ойынымен таныстыру.	Асық ойыны туралы түсініктерін кеңейте отырып, асықпен қалай ойнау керектігін түсіндіріп, өздерін ойынға ынталандыру.	1.Асықты қолдарына ұстату. 2. Ойын «Асық ату» 3.Қызықтыру 4.Мадақтау.	Асық коржын
5.	«Соқыртеке» ойыны	Ұлттық ойынның бір түрі «Соқыртеке» ойыны туралы мағлұмат беру, түсіндіру.	1.Ойынды түсіндіру. 2.Әңгімелеу 3.Сұрақ-жауап 4.Қорытындылау	Суреттер, слайд
6.	«Соқыртеке» ойынын ойнаймыз	Соқыртеке ойыны туралы сұрақ-жауап арқылы түсінік беру, ойынның ойналу барысымен таныстыра отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	Соқыртеке» ойыны Сұрақ-жауап Мадақтау Қорытындылау.	Орамал, слайд, музыка
7.	«Арқан тарту» ойыны	Ұлттық ойынның тағы бір түрі «арқан тарту» ойыны туралы түсінік беру. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	Әңгімелеу Түсіндіру Сұрақ-жауап Қорытындылау	Арқан
8.	«Арқан тарту» ойыны	Балаларды екі топқа бөлу арқылы ойынға деген	Ойынның жүру барысын	Арқан

		қызығушылықтарын арттыра отырып, күштерін сынау.	түсіндіру Екі жаққа бөліп топтастыру	
9.	«Күш сынаспақ»	Балаларға ұлттық ойынның тағы бір түрі күш сынаспақ ойыны туралы сурет арқылы көрсету.	Әңгімелеу Көрсету, Түсіндіру Сұрақ-жауап Мадақтау	«Күш сынаспақ» ойынының суреттері
10	«Күш сынаспақ» ойынын ойнату	Балалардан өткенді қайталап, сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. Ойынның жүру барысын танытыру, ойнау.	«Күш сынаспақ» ойынын ойнату Жеңген жақты мадақтау	Стол, орындық, слайд арқылы видеолар
11	«Орамал тастамақ»	Сурет арқылы балаларға түсіндіру, көрсету, әңгімелеу.	1. Әңгімелеу. 2. Көрсету, түсіндіру 3. Сұрақ-жауап 4. Мадақтау. Қорытындылау	Суреттер, слайд арқылы видеолар
12	Қ/о «Орамал тастамақ»	Балаларға ойынның жүру барысымен таныстыру. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	1. Балаларды ортаға шеңберге шығару 2. Түсіндіру, көрсету 3. Қорытындылау 4. Мадақтау	Орамал немесе тақия
13	«Ақсерек-көксерек»	Бұл ойын әр елде әртүрлі аталады, дегенмен ойнату реті бірдей екендігін әңгімелеп, түсіндіру.	Әңгімелеу. Түсіндіру Сурет арқылы ойынды таныстыру Қорытындылау	Суреттер, слайд, музыкалық әуендер
14	Қ/о: «Ақсерек-көксерек»	Ұлттық ойындар дене шынықтыру іс-әрекетінде кең қолдана отырып, спортқа қызығушылығын арттыру.	1. Балаларды екі топқа бөлу, топтастыру. 2. Әуенге салып айту.	Слайд
15	«Сақина жасыру»	Ұлттық ойынның тағы бір түрі, «Сақина жасыру» қазақ халқының ертеден келе жатқан ойыны екендігін түсіндіру. Шапшаңдыққа баулу.	Әңгімелеу Жаңылтпаштар, тақпақтар жаттау	Сақина, тақпақ, жаңылтпаштар
16	Қ/о: «Сақина жасыру»	Балаларға ойынның жүру барысымен таныстыру, жаңылтпаштар жаттау	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Ойнату, жаттау	Сақина, тақпақ, жаңылтпаштар
17	«Қуыр-қуыр, қуырмаш»	Ұлттық ойынның бір түрі екендігін түсіндіріп айту. Санамақ айтқызып, санату арқылы қызыққа	1. Әңгімелеу 2. Түсіндіру	Суреттер, санамақтар, сандар

		баулу.	3Көрсету 4.Қорытындылау	
18	«Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойынын ойнату	Ойын жүру барысымен таныстыру.Балаларды шең берге отырғызып,бас бармақтан бастап,саусақтарды санауға үйрету.	1.Ойынды ойнату 2.Санату,Санамақ 3.Жаттау 4.Бас бармақтан бастап аттарын айтқызу.	Санамақ
19	«Ханталапай»	Ұлттық ойынның тағы бір түрі «Ханталапай» ойы нын көптеген асықтармен ойналатындығын айтып, түсіндіру.	Түсіндіру.Әңгімелеу Сұрақ-жауап Қорытындылау	Суреттер, қоржын толы асықтар
20	«Ханталапай» ойынын ойнату	Ойынның жүру барысын таныстыру. 21 асықпен ойналатындығын айту,оның ішінде біреуін қызыл түске бояймыз,сол асық «Хан» болып есептеледі.	Ойынға балалардың барлаығы қатысады Түсіндіру.Ойнату.	Асық толы қоржын,түрлі-түсті асықтар
21	«Қыз қуу»	Қазақ халқының кең таралған ойындарының бірін сурет арқылы түсіндіру,көрсету,әңгімелеу,ойынға қызығушылығын ынталандыру.	Әңгімелеу Түсіндіру Қорытындылау	Суреттер
22	Қ/о: «Қыз қуу»	Балалар арасынан екі ер бала,бір қызды шығарып,соған атпен қызды қуып жетуі керек. Кім қызға бірінші жетсе,сол бала жеңіске жетеді.	Ойын ойнауға қызықтыру Ынталандыру Мадақтау	Суреттер
23	«Түйілген орамал»	Балаларға түйілген орамал туралы мағлұмат беру арқылы ойынға деген қызығушылығын арттыру. Жылдамдық пен ептілікке тәрбиелеу.	Түсіндіру.Әңгімелеу Сұрақ-жауап Қорытындылау	Суреттер,слайд
24	Қ/о: «Түйілген орамал»	Балаларды ойын шартымен таныстыру,ойынның қалай ойнатылатынын айту. Балаларды ойынға қызықтыру,ынталандыру.	Шеңберге балаларды жинау Түсіндіру.Ойнату Мадақтау Қорытындылау	Түйілген орамал
25	«Бес асық» ойынымен таныстыру	«Бес асық» ойыны туралы мағлұмат беру.Ойын ойнау әдісін көрсету.	«Бес асық»ойынының тари хын көрсету Слайд Әңгімелеу.Сұрақ-жауап	Слайд,түрлі-түсті асықтар
26	«Бес асық» ойынын ойнату	«Бес асық»ойыны ойыншыны жылдамдыққа,дұрыс санай білуге,тез шешім қабылдайтын ойынның бір түрі.	Түсіндіру.Көрсету Түсінгендерін сұрау Балаларды ойнату Қорытынды	Слайд,ойнатып көрсету,санау.
27	«Үштабан» ойыны туралы	Үштабан ойыны туралы мағлұмат беру,оның шығу тарихымен таныстыру.	Түсіндіру Сурет арқылы мағлұмат беру Сұрақ-жауап	Слайд тақырып бойынша.

			Қорытындылау	
28	«Үштабан» ойынын ойнату	Ойынға екі немесе одан да көп ойыншы қатысады, бес-алты ойыншы ойнаған қызығырақ. Әр ойыншыда үш асықтан және бір сақа болуы шарт	Ойынға қызығушылығын арттыру Бес-алты баладан ойынға шығару Ойнату. Мадақтау	Қоржынды асық
29	«Санамақ»	Алдымен ойынды ойнамас бұрын балаларға ойынды түсіндіру.	Түсіндіру Ұлттық ойындар туралы мәлімет Сұрақ-жауап Қорытында	Асықтар
30	«Асықты санаймыз»	Балаларға 1-10ға дейінгі сандарды санауға, шапшаң қимылдай білуге тәрбиелеу.	Өткен сабақты қорытындылау Сұрақ-жауап Ойынға қызықтыру	Асыққа жазылған 1-10ға дейін сандар
31	« Мәреге жету»	Балаларға алдымен ойынға деген қызығушылығын арттыру, сол ойын туралы мағлұмат беру.	Түсіндіру Сұрақ-жауап	Асық, шеңбер
32	« Мәреге жету»	Алдымен шеңбер сызып, екі асықты нүктемен белгілейміз. Балалар өз асығын лақтыру арқылы мәреге жақындай түседі.	Қызығушылығын арттыру Ойынды көрсетіп, түсіндіру	Ашық, шеңбер
33	«Түйілген орамал»	Балаларға ойын туралы түсінік беру, суреттер арқылы көрсету.	Түсіндіру Әңгімелеу Сұрақ-жауап Қорытындылау	Суреттер, слайд арқылы көрсету.
34	«Түйілген орамал»	Ойын жүргізушісі ойынды өзі бастайды, ең алдымен балаларды айналасына жинап, 1, 2, 3 деп айқайлап, балаларды шапшаң қимылдауға үйрету.	Түсіндіру Әңгімелеу Сұрақ-жауап Қорытындылау	Суреттер, слайд арқылы көрсету.
35	Қ/о: «Мәреге тез жету»	Балаларды екі топқа бөліп, оларды жарыстыру. Асықпен ойналатын ойын	Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру	Есепке толған асықтар
36	Қ/о: «Мәреге тез жету»	Балаларды шапшаң, тез қимыл жасай білуге, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.	Балалар ойынға деген қызығушылығын арттыру.	Балаларды екі топқа бөліп ойнату.